

«Дене шынықтыру» пәні бойынша 5–6, 7–8 сынып оқушылары арасында өткізілетін республикалық пәндік олимпиада туралы ақпарат

«Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» 2021 жылдан бері спорттық-бұқаралық және дене шынықтыру-сауықтыру іс-шараларының күнтізбелік жоспарына сәйкес жыл сайын 5–6 және 7–8 сынып оқушыларына арналған дене шынықтыру пәні бойынша республикалық пәндік олимпиада өткізеді. Олимпиада үш кезеңде ұйымдастырылады: аудандық, облыстық (қалалық) және республикалық.

Соңғы үш жыл ішінде Олимпиада екі рет Алматы қаласында және бір рет Талдықорған қаласында өткізілді.

Биыл Олимпиада Астана қаласында өтіп жатыр. Оған барлығы 150 оқушы қатысуда, оның ішінде 5–6 сыныптардан – 60 оқушы, 7–8 сыныптардан – 90 оқушы. Олимпиадаға 9 облыс пен республикалық маңызы бар қалалардың командалары қатысуда: Астана, Алматы қалалары, Алматы облысы, Жетісу облысы, Қарағанды облысы, Маңғыстау облысы, Түркістан облысы, Қызылорда облысы және Солтүстік Қазақстан облысы.

Өткен жылмен салыстырғанда қатысушылар саны 30 адамға азайды. Өңірлердің белсенділігінің төмен болуының негізгі себептерінің бірі – командалардың республикалық деңгейдегі Олимпиадаға қатысуына қаржыландырудың жеткіліксіздігі.

Олимпиада дарынды, спорттық қабілеті жоғары оқушыларды анықтау және қолдау, дене шынықтыру мен спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, сондай-ақ мектеп оқушыларының қимыл-қозғалыс қабілеттерін дамыту мақсатында өткізіледі.

Дәстүрлі түрде Олимпиада екі кезең бойынша өткізіледі:

- Оқушыларды 5–8 сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламалары аясында тестілеу (дене шынықтыру, спорт түрлері, жарыс ережелері және салауатты өмір салты бойынша білімдерін тексеру);
- Практикалық кезеңге гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындар (баскетбол, волейбол, футбол), сондай-ақ ұлттық ойындар – асық ату және бес асық бойынша жаттығуларды орындау кіреді.

Төрешілер құрамы тәжірибелі дене шынықтыру педагогтері мен республикалық спорт федерацияларының жаттықтырушыларынан жасақталады.

Қатысушыларды бағалау бекітілген критерийлер мен талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлері тиісті дәрежедегі дипломдармен және грамоталармен марапатталады.

Олимпиада қорытындылары:

5–6 сынып командалары арасында жүлделі орындар төмендегідей бөлінді:

I орын – Жетісу облысының командасы, жалпы жинаған ұпай саны – 1344.

II орын – Астана қаласының командасы, жинаған ұпай саны – 1316.

III орын – Алматы қаласының командасы, жинаған ұпай саны – 1309.

7–8 сыныптар арасында:

I орын – Алматы қаласының командасы, жалпы жинаған ұпай саны – 1375,5.

II орын – Жетісу облысының командасы, жалпы жинаған ұпай саны – 1365,5.

III орын – Астана қаласының командасы, жинаған ұпай саны – 1343.

5–6 сыныптар бойынша жеке есепте (ұлдар арасында):

I дәрежелі диплом және алтын медаль – Ярослав Тарасенкоға (Жетісу облысы), жинаған ұпай саны – 142,5.

II дәрежелі диплом және күміс медаль – Руслан Рақышқа (Жетісу облысы), жинаған ұпай саны – 136,5.

III дәрежелі диплом және қола медаль – Артем Похиловқа (Астана қаласы), жинаған ұпай саны – 135,5.

Жеке есепте (қыздар арасында):

I дәрежелі диплом және алтын медаль – Аделина Загребоваға (Астана қаласы), жинаған ұпай саны – 144.

II дәрежелі диплом және күміс медаль – Жанарке Сүлейменге (Жетісу облысы), жинаған ұпай саны – 141,5.

III дәрежелі диплом және қола медаль – Гауһар Агубаеваға (Астана қаласы), жинаған ұпай саны – 139,5.

7–8 сыныптар бойынша жеке есепте (ұлдар арасында):

I дәрежелі диплом және алтын медаль – Марк Овиновқа (Қарағанды облысы), жинаған ұпай саны – 142,5.

II дәрежелі диплом және күміс медаль – Артур Заяцқа (Астана қаласы), жинаған ұпай саны – 142.

III дәрежелі диплом және қола медаль – Давид Колистратовқа (Алматы қаласы), жинаған ұпай саны – 141.

7–8 сыныптар бойынша жеке есепте (қыздар арасында):

I дәрежелі диплом және алтын медаль – Ева Постриганьға (Алматы қаласы), жинаған ұпай саны – 149,5.

II дәрежелі диплом және күміс медаль – Валерия Диденкоға (Жетісу облысы), жинаған ұпай саны – 142.

III дәрежелі диплом және қола медаль – Полина Власенкоға (Алматы қаласы), жинаған ұпай саны – 139.